

зерттеушілер қалашықтың өмірін төрт кезеңге бөліп, алғашқысын XIII ғасырдың ортасына дейін қамтитынын атап өтеді. Жалпы, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Сарайшық тарихын зерттеу ісіне өлкетанушылар мен жазушылар да үлес қосты. Мәселен, 2000 жылы Өлке баспасынан журналист, өлкетанушы, Республика жаратылыстану ғылымдары академиясының корреспондент мүшесі Ә.Өлійтегериевтің «Сарайшық» атты кітабы шықты. 2004 жылы «Хан Ордасы Сарайшық» тарихи-мәдени музей-қорығының қызметкері Ж.Ғизатованың («Сарайшық – астана қала») кітабы жарық көрсе, 2009 жылы зерттеуші Ө.Ноғайұлы еңбегінде Сарайшық арнайы тақырып ретінде қарастырылды. Сонымен қатар, қалашық тарихын зерттеуге түрлі ғалымдар тарапынан да қомақты үлес қосылды. Әсіресе, бұл бағыттағы жұмыстардың жандануы 2004 жылы зерттеуші Ж.Мұстафин мен археолог Ғ.Салиев бастаған Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының Сарайшық қалашығында жүргізген қазба жұмыстары барысында анықталған жаңалықтармен байланысты болды. Зерттеулер нәтижесінде Сарайшықтың алтын орда тұсындағы маңызы мен кейінгі кезеңдердегі ерекшеліктері туралы тың мәліметтер алынды. Археологиялық зерттеулерге сараптама жасаған белгілі археолог М.Қасеновтің еңбегін атап өтуге болады. Қазіргі кезде Сарайшық тарихына қызығушылар саны көбейіп, зерттеушілер саны артып келеді. Осыған орай, қалашықтың тарихына қатысты құрастырылып отырған деректер жинағы, Атырау тарихының «ақтаңдақ» беттерінің бірі – Сарайшық туралы мәліметтердің ғылыми айналымға енуіне жол ашу мақсатын көздейді [2;179].

Сарайшықтың бүгінгі күнде маңыздылығы қандай? деген сұрақтар осы мақаланы жазу барысында ойыма жиі келді. Менің ойымша, қазіргі кезде қалашықтың маңыздылығы орташа. Өйткені, бұл қаланы өз көзіммен көрген кезде, таңғалдым. Жәй жерде қазылып қалған қалашық неге бүгінгі күнде қайта жаңартылмасқа деген ой бірден келді. Тым болмаса, бұрын Сарайшық қалашығы бұрын осындай болды деген секілді үлкен макет жасап қойсада, бұл құландығы айналып, мәнін жоғалтқан қалашықты тануға үлкен пайдасын берер еді. Менің осы тұста өз ұсынысым, Сарайшықты туристік аймаққа айналдыруға болады. Яғни, тек қана қалашықты зерттеп қана қоймай оның ары қарай да қорғалуына, қайта қаралып бой көтеруіне өзіндік үлес болар еді. Қазіргі заманғы Қазақстан үшін Сарайшықты зерттеу – тарихи сананы жаңғыртудың маңызды бөлігі. Бұл қалашық қазақ халқының жеріндегі өркениеттің ежелден бар екенін дәлелдеп қана қоймай, ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал етеді. Сарайшықтың тарихы жас ұрпақ үшін рухани тәрбие мен патриотизмнің негізіне айналуы қажет. Көне қаланы қайта мәдени-тарихи құндылығы жан-жақты ашылып, оны сақтау мен насихаттаудың өзектілігі айқындала түседі. Қорытындылай келе, бұл көне қалашықты зерттеу – тек өткенді тану емес, сонымен қатар болашаққа бағытталған маңызды қадам. Сарайшықтың Алтын Орда, Ноғай Ордасы және Қазақ хандығы дәуірлеріндегі ролі мен маңызы, оның Ұлы Жібек жолындағы орны, сауда мен мәдениетке қосқан үлесі ұлт тарихының ажырамас бөлігі екенін дәлелдейді. Қаланың аумағынан табылған тарихи жәдігерлер мен сәулет ескерткіштері қазақ жеріндегі өркениеттің терең тамырларын көрсетеді. Сонымен қатар, Сарайшықты зерттеу арқылы халқымыздың рухани-мәдени мұрасы кеңінен ашылып, тарихи сананы жаңғыртуға мүмкіндік беріледі. Бұл зерттеулердің нәтижесінде Қазақстанның ұлттық бірегейлігі мен мемлекеттік идеясы нығайтып, ұрпаққа рухани тәрбие беруде жаңа серпін пайда болады. Сарайшық – бабаларымыздың ұлы мұрасы, оны сақтау және зерделеу – бүгінгі және болашақ ұрпақтың қасиетті борышы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сарайшық - бабалар мұрасы / Ж.К.Жұмабаева, М.Қ.Кипиев. - Атырау: "Ағатай" баспасы, 2015. - 224 б.
2. Ортағасырлық Сарайшық/Ә.Мұқтар, У.Ахметова, П.Петров, А.Тұрарұлы, А.Жұмабаева, Қазақ тілі баспасы, 2024. - 368 б.
3. Маргулан А.Х. Раскопки Сарайчика. Тезисы доклада на Всесоюзном археологическом совещании 1951г. // Архив Института археологии им. А.Х.Маргулана. Инв.763 а.
4. Толстов С.П. Хорезмская археолого-этнографическая экспедиция Академии наук 1950г. // Советская археология. - М., 1953. Т.18. С.304
5. Самашев З., Кузнецова О., Плахов В. Сарайшықтың қыш бұйымдары. - Алматы. 2008.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚ ҚАЛАСЫ

Ерсенқызы Е.Ж.

Ғылыми жетекшісі: PhD Есен С.Ғ.

Астана Халықаралық университеті

erkin0janaiym@gmail.com

Астана қ

Ортағасырлық Сығанақ қаласы - Қазақстан тарихындағы елеулі рөл атқарған ежелгі қалалардың бірі. Орналасқан географиялық аймағы оны Орталық Азиядағы мәдени, экономикалық және саяси орталықтардың бірі етіп көтерді. Сығанақ қаласы қазақ халқының этникалық қалыптасуында маңызды рөл ойнаған ірі сауда

және мәдениет орталығы ретінде белгілі. Оның тарихы Қазақстанның ортағасырлық кезеңіндегі даму үдерістерін, халықтың мәдени және экономикалық өмірін, сондай-ақ саяси қатынастарын түсінуге көмектеседі. Сығанақтың тарихы сан алуан тарихи оқиғалармен тығыз байланысты. Қала өзінің алғашқы даму кезеңінен бастап-ақ саяси және экономикалық тұрғыдан стратегиялық маңызға ие болды. Орналасқан орнының арқасында Сығанақ Орта Азия, Еуропа және Қытай арасында негізгі сауда жолдарының бірі болды, бұл оның тез дамуына септігін тигізді. Сонымен қатар, қала мәдениет, қолөнер және білім беру саласында маңызды орталық ретінде белгілі болды, мұнда ислам діні кеңінен таралып, жергілікті халықтың рухани дамуына ықпал етті. Сығанақ қаласының қалыптасуы мен гүлденуі аймақтағы түрлі мемлекеттердің билік кезеңдерімен байланысты болды. Әсіресе,

Жошы ұлысы мен Ақ Орда мемлекеті кезеңдерінде қала ерекше саяси және экономикалық рөл атқарды. Сығанақ билеушілерінің саяси шешімдері мен экономикалық саясаттары бүкіл аймақтың тағдырына әсер етті. Қаланың қорғаушы қабырғалары мен бекіністері оны әскери тұрғыдан маңызды орталыққа айналдырды, ал тұрғындары қолөнермен, саудамен және егіншілікпен айналысты. Сығанақ қаласының дамуы тек экономикалық және мәдени салада ғана емес, саяси тұрғыдан да маңызды болды. Қала ішкі және сыртқы қақтығыстардың орталығында болып, көптеген саяси шешімдердің қабылдану орнына айналды. Бұл Сығанақтың Орта Азиядағы саяси тұрақтылық пен мәдени байланыстардың қалыптасуында шешуші рөл атқарғанын көрсетеді. Сығанақтың құлдырауы XV-XVI ғасырлар аралығында орын алды, бұл кезеңде аймақта саяси тұрақсыздық пен экономикалық қиындықтар өршіді. Дегенмен, оның тарихтағы орны мәңгілікке қалды. Археологиялық қазбалар мен зерттеулер арқылы Сығанақтың мәдениеті мен тарихы бүгінгі ұрпаққа жеткізіліп, Қазақстанның көпғасырлық мәдени мұрасының бір бөлігі ретінде бағаланады. Бұл үзіндіде Сығанақ қалашығының орналасқан жері мен құрылымдық ерекшеліктері сипатталады. Сығанақтың орны қазіргі Қызылорда облысының шығыс бөлігінде, Түркістан – Қызылорда автожолының маңында орналасқан.

Қалашықтың жалпы аумағы шамамен 20 гектарды құрайды, ал оның цитаделі - ең нығайтылған бөлігі - 7,2 гектарды қамтиды. Қамал қабырғалары 6–7 метр биіктікке жеткен, бес бұрышында дөңгелек мұнаралар орналасқан. Сығанақтың цитаделіне кіретін басты есіктері батыс және солтүстік жағында болған. Қаланы қоршаған жерлерде Сырдария өзенінен тартылған арықтар арқылы суарылатын егістік алқаптар орналасқан. Сығанақ XIX ғасырдың ортасында қаңырап бос қалды, бірақ халық арасында ол Ұлы Жібек жолындағы ірі сауда орталығы ретінде әлі күнге дейін есте сақталып келеді [1;736].

Осылайша, ортағасырлық Сығанақ қаласы қазақ даласындағы сауда, мәдениет және саясаттың маңызды орталығы болғанын айғақтайды. Бұл қала Қазақстанның тарихында ерекше орын алып, оның өткен кезеңдегі даму ерекшеліктерін, мәдени алмасуларды және саяси оқиғаларды тереңірек түсінуге көмектеседі. Сығанақ қалашығы Қазақстанның Қызылорда облысының шығысында, Сырдариядан 20 км Солтүстікке қарай орналасқан. Бұл географиялық орналасу Сығанақтың Орта Азияның негізгі сауда және мәдени орталықтарымен тығыз байланыста болуына мүмкіндік берді. Қала оңтүстікте Түркістан, батыста Отырар және шығыста Тараз қалаларымен көршілес орналасқан, бұл оның сауда жолдарындағы стратегиялық маңызын арттырды. Сығанақтың табиғи ерекшеліктері, әсіресе Сырдария өзенінің жақын болуы, жергілікті тұрғындарға егіншілікпен, мал шаруашылығымен және балық аулаумен айналысуға қолайлы жағдай жасады.

Сығанақтың қалыптасуы ежелгі кезеңдерден басталады. Археологиялық зерттеулер мен тарихи деректер оның V-VI ғасырларда алғашқы қоныстану кезеңінен бастап маңызды орталыққа айналғанын көрсетеді. Бастапқыда бұл қала кішігірім бекініс ретінде дамып, кейіннен үлкен қалалық орталыққа айналды. Оның қалыптасуында Жібек жолының маңызды рөлі болды, себебі қала сауда керуендерінің аялдау орны болды. Сығанақтың тарихи дамуы кезінде ол бірнеше саяси және мәдени ықпалдарға ұшырады. VI-VIII ғасырларда қала Түрік қағанатының құрамында болған, ал IX-XII ғасырларда Қараханидтер мемлекетінің астанасы ретінде танылды. Қала өзінің гүлдену кезеңіне XIII ғасырда Жошы ұлысы мен Алтын Орда құрамында болған кезде жетті. Бұл кезеңде Сығанақ Жошы ұлысының әкімшілік және саяси орталығы болып, оның мәдени және экономикалық өмірі ерекше дамыды.

XII ғасырда Сығанақ қыпшақ мемлекетінің астанасына айналды. XI ғасыр тарихшысы Жувейни 1220 жылы моңғолдардың қаланы қалай қиратқанын сипаттайды. Оның айтуынша, Жошы Сырдария бойымен алға жылжып, әр қаланы бірінен кейін бірін басып алып отырған. Оған екі жергілікті көпес — Хасан-қожа мен тағы біреуі еріп жүрді. Хасан-қожа Сығанаққа барып, тұрғындарды берілуге көндіруге тырысты, бірақ оны сатқын деп өлтіріп, қала тұрғындары қарсылық көрсетті. Жеті күнге созылған шайқастан кейін ғана Сығанақ алынып, халқы түгелдей қырылды. XVI ғасырдың басында Рубиханның жазбаларына сәйкес, Сығанақ белгілі бір құлдырауды бастан кешірді: тұрғындар саны азайып, бұрынғы гүлденген қаланың ірі құрылыстары мен өңделген егістік жерлері сирек кездесетін болды. Дегенмен, ол әлі де Түркістан, Мауераннахр және Қашғар сияқты өңірлердің саудагерлері үшін маңызды сауда орталығы болып қала берді. Сығанақ өз сәулеттік ескерткіштерімен де танымал болды, әсіресе Көк-Кесене кесенесімен. Бұл құрылыс зерттеушілердің пікірінше, Әбілқайыр ханның жерленген жері болуы мүмкін. Оның немересі Шайбани хан XVI ғасырдың басында Әмір Темір империясын күйреткен. Осылайша, Сығанақтың тарихы Қазақстанның ортағасырлық кезеңіндегі саяси, мәдени және экономикалық дамудың күрделі үдерісін түсінуге мүмкіндік береді. XV ғасырдың ортасынан бастап Сығанақтың құлдырау кезеңі басталды. Оған бірнеше факторлар әсер етті, соның ішінде аймақтағы саяси тұрақсыздық пен ішкі қақтығыстар. Темір әулеті мен Шайбани әулеті арасындағы қақтығыстар қалаға ауыр соққы берді. XV ғасырдың соңына қарай Сығанақ біртіндеп өз маңызын жоғалтып, сауда және саяси

орталық ретінде әлсіреді. Қаланың құлдырауына экономикалық дағдарыс, сауда жолдарының өзгеруі және саяси тұрақсыздық әсер етті. Сығанақтың тарихи контексті Қазақстан мен Орта Азиядағы түрлі этникалық топтардың, мемлекеттер мен мәдениеттердің өзара қарым-қатынасының күрделілігін көрсетеді. Қала бірнеше мәдениет пен мемлекеттің ықпалына ұшырады, бұл оны мәдени алмасудың және экономикалық байланыстың орталығы етті. Сығанақта ислам дінінің таралуы мен дамуы, сауда қатынастарының кеңеюі, саяси тұрақсыздық кезеңдері — бәрі осы тарихи контекстің бір бөлігі.

Осылайша, Сығанақтың тарихы Қазақстанның ортағасырлық кезеңіндегі саяси, мәдени және экономикалық дамудың күрделі үдерісін түсінуге мүмкіндік береді. Қала аумағында әртүрлі қоғамдық және әкімшілік ғимараттар салынды, бұл оның әлеуметтік және саяси өмірінің дамуына айқын көрініс берді. Қараханидтер дәуірінде Сығанақ Орта Азия мен Қазақстан арасындағы мәдени және экономикалық байланыстың негізгі орталықтарының бірі болды. Қалада базарлар, керуен-сарайлар және шеберханалар құрылды, бұл оның сауда орталығы ретіндегі мәртебесін күшейтті. XIV-XV ғасырларда Сығанақ Ақ Орда мемлекетінің астанасы болды. Бұл кезеңде қала өзінің гүлденуінің ең жоғары шегіне жетті. Ақ Орда билеушілері қалада жаңа қоғамдық және әкімшілік ғимараттар салып, оны аймақтың мәдени және саяси орталығына айналдырды. Қаладағы базарлар мен сауда орталықтары кеңейіп, жаңа қолөнер шеберханалары пайда болды. Сығанақтың экономикасы қарқынды дамып, аймақтың басқа қалаларымен тығыз байланыс орнатылды.

Сығанақ XIV ғасырда Ақ Орданың астанасы ретінде белгілі болды. Бұл жерде Жошы ұлысының сол қанаты билігінің орталығы орналасты. Қала хандықтың негізгі әкімшілік және басқару орталығы болды, осы жерден бүкіл аймаққа қатысты маңызды саяси шешімдер қабылданды. Ақ Орда кезеңі: Ақ Орда хандары, соның ішінде Ерзен хан мен Ұрыс хан Сығанақ қаласын өздерінің астанасы ретінде пайдаланды. Бұл жерден олар Мәуереннахрмен, Моғолстанмен және Алтын Орда қалдықтарымен күрделі саяси байланыстар жүргізді. Қазақ хандығы кезеңі: XV ғасырдың екінші жартысында Сығанақ қаласы Қазақ хандығының алғашқы саяси және экономикалық тіректерінің бірі болды. Қала хандықтың алғашқы жерлерінің құрамына кіріп, маңызды орталықтардың бірі болып қалды. Саяси тұрғыдан Сығанақта хандардың билігі бекітіліп, елді басқарудың негізгі заңдары мен тәртіптері қалыптасты. Бұл қала арқылы билеушілер өз билігін нығайтып, көрші елдермен дипломатиялық қарым-қатынас жасады. Сығанақтың географиялық орналасуы оны тек саяси ғана емес, сонымен бірге стратегиялық тұрғыдан да маңызды етті. Қала Сырдария өзенінің бойында, Ұлы Жібек жолының негізгі тармақтарының бірі үстінде орналасқан. Бұл жер Орта Азия, Оңтүстік Қазақстан және Еуразия далаларының арасындағы байланыстардың торабында болды [1; 74-75 б].

1219-1220 жылдары Шыңғыс ханның әскерлері Сығанақ қаласын басып алды. Қала тұрғындары қатты қарсылық көрсеткенімен, моңғолдар қаланы жаулап, үлкен қиратулар жасады. Бұл кезеңде қаланың инфрақұрылымы айтарлықтай зақымданды, ал оның қайта қалпына келуі ұзақ уақытты талап етті. Әмір Темір шапқыншылығы (XIV ғасыр): XIV ғасырдың соңында Әмір Темірдің әскерлері Сығанаққа шабуыл жасап, оны қиратты.

Бұл Ақ Орда хандығының әлсіреуіне әкелді. Әмір Темірдің жорықтары қала тұрғындарын ығыстырып, оның саяси және экономикалық маңызын төмендетті. Көрші хандықтар арасындағы қақтығыстар: XV-XVI ғасырларда Сығанақ Қазақ хандығы мен Шайбани әулеті арасындағы қақтығыстардың алаңына айналды. Қаланың осындай тұрақсыз жағдайларда жиі шабуылға ұшырауы оның экономикалық және әлеуметтік дамуын тежеді. XIV-XV ғасырларда Ақ Орда хандығының әлсіреуі мен Алтын Орда мұрагерлері арасындағы қақтығыстар Сығанақтың саяси тұрақтылығын бұзды. Хандар арасындағы билік үшін күрес қала тұрғындарының жағдайын нашарлатып, оның даму перспективаларын шектеді.

Хандықтардың құлдырауы: Ақ Орда хандығы мен кейінгі Қазақ хандығы кезеңдерінде Сығанақ аймақтық маңыздылығын сақтағанымен, хандықтардың жалпы әлсіреуі оның саяси орталық ретіндегі рөлін төмендетті. Әкімшілік орталықтың ауысуы: Сығанақтан басқа қалалар (Түркістан, Отырар) саяси және рухани орталыққа айнала бастағандықтан, Сығанақ өз маңыздылығын жоғалтты. Қаланың құлдырауына оның экономикалық рөлінің төмендеуі де әсер етті. Ұлы Жібек жолы арқылы өтетін сауда жолдарының маңызы XVI ғасырда айтарлықтай азайды. Сауда жолдарының ауысуы: Еуропа елдері мен Орта Азия арасындағы сауда жолдары теңіз арқылы жүзеге асырыла бастағаннан кейін құрлықтағы қалалардың, соның ішінде Сығанақтың рөлі әлсіреді. Қолөнер мен сауданың құлдырауы: Қалада өндіріс пен сауда баяулап, тұрғындардың саны азая бастады. Сауда мен ауыл шаруашылығының құлдырауы экономиканың әлсіреуіне және халықтың басқа аймақтарға көшуіне әкелді. Табиғи және экологиялық факторлар да Сығанақтың жойылуында маңызды рөл атқарды. Сырдария суының тартылуы: Сырдария өзенінің арнасындағы өзгерістер қала маңындағы егін шаруашылығына кері әсер етті. Су тапшылығы ауыл шаруашылығының тоқырауына және халықтың күнкөріс деңгейінің төмендеуіне алып келді [2; 273 б].

Сонымен қатар Ресей Патшалығы тұсындағы және Кеңес үкіметі тұсындағы зерттеуші ғалымдардың Сығанақ қалашығы жайында жазған еңбектерін талдай отырып, қалашықтың орны, XIX – XX ғасырлардағы сақталу деңгейі, аяққа тұрған сәулет ескерткіштері және суландыру жүйелері жайында құнды мағлұматтар алынды. Атапайтар болсақ П.И. Лерх, Е.А. Смирнов, Н.С. Лыкошин, В.А. Каллаур, И.А. Кастанье, А.Ю. Якубовский, А.Н. Бернштам, Е.И. Агеева және Г.И. Пацевичтердің Сығанақ қаласында жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстары әлі күнге дейін маңызды зерттеулердің бірі болып табылуда. Сонымен қатар Тәуелсіздік жылдарында Сығанақ қалашығында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелерінен, қаланың

орта ғасырлардағы мәдени құндылықтары, Қазақ хандығы тұсындағы саяси мағызы жайында деректер жинақталды. Нәтижесінде т.ғ.д. профессор С. Жолдасбаевтың орта ғасырлық Сығанақ қалашығы жайында 2 ғылыми еңбегі және 100-ден аса ғылыми мақалалары жарыққа шыққан болатын. Аталмыш еңбектердің барлығы мақаланы жазу барысында негізгі дерек көздері ретінде пайдаланылды. 2021 жылы Сығанақ археологиялық экспедициясы Сығанақ қалашығының магистральды көшесі бойындағы Қазақ хандығы тұсына жататын тұрғын үйлердің планиграфиясын анықтау мақсатында көлемі 46x25 м келетін алаңда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде XVIII-XIX ғасырлар аралығына жататын құрылыс нысандары анықталды. Зерттеу барысында Қазақ хандығы тұсындағы тұрғын үй кешендерінің планиграфиясы, магистральды және ішкі көше жүйелері туралы жаңа деректер алынды. Анықталған тұрғын үйлердің планиграфиясын көршілес Отырар, Күлтөбе және Түркістан қалаларының тұрғын үй планиграфияларымен салыстырмалы түрде талданды. Археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары қалыптасқан эмпирикалық әдіс арқылы жүргізілді – қазба жұмыстары, лабораториялық сынақтар, фиксацияға алу видео-фотофиксация, сызбалар, көшірмелер түсіру, сараптама жасау, осы типті ескерткіштерді зерттеу барысында қолданылатын әдістер негізінде жүргізілді. Соңғы кездегі компьютерлік технология арқылы AutoCAD және Agisoft бағдарламаларын пайдалана отырып археологиялық, архитектуралық зерттеулерде жаңа әдіс-тәсілдер қолданылған [3; 124 б].

Ортағасырлық Сығанақ қаласындағы Nob кесенені жоғарыда аталған кесенелермен салыстырмалы түрде талдау болсақ, бұл кесене Қышқала қалашығынан анықталған No1 кесенемен жақын ұқсастықтары байқалады. Екі кесененің де порталды есіктері солтүстік-батысқа бағытталған. Кесенелерде зияратшыларға арналған кең бөлмелер мен сыртқа шығыңқы кең көрхана да орналасқан. Кесенелердің бір-бірінен айырмашылығы, Сығанақ қаласындағы Nob кесененің сағана табаны тұтастай қыш төселіп, оның беті гипспен сыланып сағана жасалынған болса, Қышқала қалашығындағы No1 кесененің көрхана бөлігінде жерге ойып қабір шұңқыры жасалынған. Қабір шұңқырының жиектері қышпен қаланып қапталған. Ал, Кердері II кесенесі мен Әуліккөл кесенесіне келер болсақ, бұл кесенелердің порталды есіктері оңтүстік-батысқа бағытталған, көрхана бөлмелері қысқа және тар болып келген. Екі кесененің де зияратшыларға арналған үлкен бөлмелерінің еденіне арнайы қабір шұңқырлары қазылып адам жерленген. Кесенелерде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында XIII-XIV ғасырларға жататын әрлеуіш қыш қаптамалар, саздан жасалған ыдыстардың бөліктері және теңгелер табылған. Кесенелердің архитектуралық құрылымына және табылған заттай деректерге сүйене отырып, порталды екі бөлмелі кесенелердің XIII-XIV ғасырларға жататындығы анықталды.

Жақсылап иленген сазға шамот (ұсақталған қыш), кейде майдаланған тас қоспасынан тұратын бетонит қоспасы араластырылған. Бетонит деп отырғанымыз халық арасында «той кесек» – деп атап кеткен сарғыш-сұр түсті саз балшық. Арнайы қалыпқа құйылып дайындалған қыштың беті кеспе оймыштау әдісі арқылы өсімдікті, өрме шынжыр және геометриялық өрнектер түсіріліп, артық жерін өткір ұшты аспаппен кесіліп жасалынған. Кесенеден терезе алды төсеніш тәрізді беті өрнектелмеген қыш қаптамалар табылды. Қыш қаптаманың бұл түрі қалыпта пішіндеу әдісі арқылы жасалынған. Ортағасырлық Сығанақ қаласындағы No7 кесене. Кесене Ортағасырлық Сығанақ қалашығы шахристанының оңтүстік-шығысында 1400 м қашықтықта шағын төбе ретінде сақталған. Төбе үсті тегіс шеңбер пішінді болып келген. Көлемі 26 м, биіктігі 1,5 м. Қазба жұмыстары барысында көлемі 12,2x10,1 м төртбұрыш пішінді кесене орны анықталды. Кесененің порталы оңтүстік-батысқа бағытталған. Портал алды алаңы күйдірілген қышпен төселген [4; 127-128 б].

Қорыта айтқанда, ортағасырлық Сығанақ қаласы Орта Азия мен Қазақстан тарихында ерекше орын алады. Бұл қала өзінің бай тарихымен, мәдени жетістіктерімен және стратегиялық маңыздылығымен аймақтың дамуына елеулі ықпал етті. Сығанақ ежелгі замандардан бері сауда-саттықтың, мәдениет пен ғылымның орталығы болғандықтан, ол тек қана экономикалық орталық емес, сондай-ақ білім мен руханияттың ошағы болды.

Қаланың гүлденуі Жібек жолы арқылы өтетін сауда жолдарының дамуы, ислам мәдениетінің таралуы және жергілікті билеушілердің қолдауымен байланысты болды. Әрбір жаңа билік кезеңі Сығанаққа өзіндік ерекшеліктер мен жаңашылдықтар әкелді, бұл оның мәдениетінің алуан түрлілігіне және экономикалық күшінің нығаюына ықпал етті. Сығанақтың саяси маңызы да зор болды: ол Қараханидтер, Алтын Орда, Ақ Орда сияқты ірі мемлекеттердің орталығына айналып, аймақтағы биліктің символына айналды.

Дегенмен, тарихтың әр кезеңінде Сығанақ түрлі қиыншылықтар мен қауіптерге тап болды. Қаланың дамуындағы көптеген кезеңдер ішкі қақтығыстармен, сыртқы басқыншылықтармен және табиғи апаттармен үзілді. Соған қарамастан, Сығанақ әрдайым өз мәртебесін сақтап, ортағасырлық Қазақстанның ең маңызды қалаларының бірі ретінде қалды.

Бүгінде Сығанақтың тарихы - бұл тек өткеннің бір бөлігі емес, сонымен қатар Орта Азияның бай мәдени мұрасының куәсі. Оның тарихи ескерткіштері мен мәдени құндылықтары қазіргі таңда археологтар мен тарихшылар үшін маңызды дерек көзі болып табылады. Сығанақтың мұрасы Қазақстан мен Орталық Азияның ортағасырлық кезеңін зерттеушілер үшін өлшеусіз құнды, өйткені ол осы аймақтың өркениеті мен мәдениетінің дамуын бейнелейді. Сығанақтың тарихи маңызы бүгін де өзінің құндылығын жоғалтпай, болашақ ұрпақтар үшін аймақтың бай тарихи және мәдени мұрасының бірегей бөлігі болып қала береді. Бұл тақырыпты тандауымыздың мақсаты Сығанақ қаласының қайта қалпына келтіру.

1. Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути – Алматы, 1998.
2. Байпаков К.М., Таймағамбетов Ж.Қ. Қазақстан археологиясы. – Алматы: «Қазақ Университеті», 2006.
3. Бахтыбаев М.М., Арынов К.С., Мурғабаяев С.С., 2022 жылы ортағасырлық Сығанақ қаласының қорымында жүргізілген зерттеулердің нәтижелері // Journal of history. №3 (106). 2022 – Б. 122-137.
4. Сиздиқов Б.С., Жетібаев К.М., Гурсой М., Мурғабаяев С.С. XVIII-XIX ғасырлардағы тұрғын үй құрылымы (ортағасырлық Сығанақ қаласы негізінде) // Отан тарихы.- №2 (98) 2022 – Б. 217-229.



Сығанақтың жалпы көрінісі

ДИРИЖЕР ӨНЕРІНІҢ МАЙТАЛМАНЫ – АЙТҚАЛИ ЖАЙЫМОВ

Жұмаханқызы З.

Ғылыми жетекшісі: а.о. Бегалова М.С.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Zeinepzhumahan@icloud.com

Арқалық қаласы.

Өнер мәдениеттің құрамдас бөлігі бола отырып, оның біртұтастығы толық сақталған кішкене сипаты. Ол адамның көркемдік қызметінің жемісі болғандықтан, адам санасының синкретті тұтастығының да көрінісі. Өнер, сөйтіп мәдениет бейнесі болып табылады. Өнер мәдениеттің кілті сияқты. Өнерді тану арқылы мәдениетті, әлемді тануға жетеді

Қай халық болмасын өз өнерін өзінің рухани тілі ретінде қолданғанын ескерсек, өнер де ана тілі сияқты халық тілін құрайтын сыңар бола алады. Сондықтан Д.Ушинский айтқандай, баланы халық тіліне ендіру арқылы біз оны халықтың рух саласына, халықтың ой-сезіміне, халық өмірінің ішкі дүниесіне өндіреміз.

Өнерде адам қызметі мен мәдениеттің жалпы тұтас бейнесі бар. Ол - көркем мәдениеттің өзегі.

Өнер әлемді және адамды синтезді түрде танытады. Онда ақыл-ой, адамгершілік, сезім, әрекеттер біртұтастықта сезініледі. Бұл - өнердің синтездеуші сипаты [2, 586.]. Сондықтан да өнерге деген қажеттілік сезім, оны сезіну және түсіну, көркем шығармашылыққа қабілеттілік сияқты сапалар эстетикалық тәрбиенің негізгі құрылымдық бөлігі болып саналады. Жас ұрпақ тәрбиесінде қазақ халқының негізгі құралы- өнер, оның ішінде музыка мен сөз өнері болған. Бесікте жатқан кезінен бастап-ақ өлең-жырлардың неше түрін әдемі әуен, сүйкімді сазбен жұптастырып, бала бойына сіңіріп отырған.

Өнердің түрлерінің көп түрлілігі өмірді барлық күрделіктерінен және байлығымен эстетикалық «меңгеруге» мүмкіндік тудырады. Өнердің негізгі және жанама түрлері болмайды, бірақ әрбір түрдің өзінің басқа өнер түрлеріне қарағанда күшті және әлсіз жақтары болады.

Өнердің көп түрлерге салалану себебі, болмыстың эстетикалық сантүрлігіне сүйенеді. Сондай-ақ мұнда суреткердің рухани байлығы да, мәдени дәстүрлердің бай болуы да мәнді. Адамзаттың дүниежүзілік тарихи